

Бейнеу ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 283 "Бейнеу ауданы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 118 қаулысы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына және "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 наурыздағы №11-11-373 хатына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейнеу ауданының әкімдігінің "Бейнеу ауданы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" 2023 жылғы 20 қазандағы № 283 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі Р.Шалбаев

Бейнеу ауданы әкімдігінің
2024 жылғы " 29 " сәуірдегі
№118 қаулысына қосымша
Бейнеу ауданы әкімдігінің
2023 жылғы "20" қазандағы
№283 қаулысына қосымша

Бейнеу ауданы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

Р/с	Кәсіпорындардың атауы	Таза кіріс мөлшері	Аударылуға жататын таза кіріс сомасы
	"Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "	таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін	таза кіріс сомасынан 5 пайыз
			150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза

1. 2. 3.	Бейнеусусервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;	таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	кірістен асқан сомадан 10 пайыз
	Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "	таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз
	Бейнеуэнергосервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны; Бейнеу аудандық әкімдігінің Бейнеумәдениет" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.	таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 25 пайыз

2. "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың игілігінде қалған таза кіріс бөліктері кәсіпорынды дамытуға, мемлекеттік басқару органымен келісілген нақты жобаларға жіберілсін".